

1 мамыр — Қазақстан халқының бірлігі күні
-май — Қазақстан халқиниң бирлиги күни



karadala.tynysy@mail.ru

№19 (175)

Қарадала тынысы нәпәси

Үйіур аударың қогамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет
Үйіур пәһийәлик жәмийәтлик-саяси, иқтимәний-иқтисадий гезит

Сәуір
жума

29

Сәуір
жума

● БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА

Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт

Мен бақыттымын. Неге дейсіз гой...

Өйткені менің туған жерім, қасиетті Атамекенім бар. Бабаларым қанымен жазған тамыры терең тарихым бар. Мәуелі бәйтеректей мәдениетім, талай ғасыр тарландары тасқа қашаған әдебиетім бар. Тұнығы лайланбаған тілім, шөлімді басар ділім бар. Діңгегім болар дінім бар. Ұлан ғайыр жерім, Тәуелсіз Қазақстан деген елім бар. Мен – азатпын. Мен осы азаттығыммен мақтанам. Мен қазақтығыммен мақтанам. Мен бірлігіммен мақтанам. Мен елдігіммен, ерлігіммен мақтанам. 25 жылдың ішінде жағанға жайылған даңқыммен, ауызбіршілігі алауыз болмаған халқыммен марқам.

Иә, 25 жыл көп уақыт емес. Бірақ осы қысқа мерзімде еліміз талай жетістікке жетті.



ЫНТЫМАҚ — БҰЗЫЛМАЙТЫН ҚОРҒАН

(Аудан әкімі Алимжан Тохтасуновтың құттықтауы)

Құрметті аудан тұрғындары!
Қадірлі жерлестер!

Баршаңызды мамыражай мамыр айымен бірге келген Қазақстан халқының бірлігі күнімен аудан әкімі аппараты, аудандық мәслихат және «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы атынан шын жүректен құттықтаймын!

1995 жылдың 18 қазанында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жарлығымен 1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні деп жарияланды. Міне, сол кезден бастап жыл сайын Қазақстанды өз Отаны санайтын ұлттар мен ұлыстар татулықтың тайқазанын тасытып, мерейлі мерекені қуанышпен атап өтіп келеді.

Өз тәуелсіздігін алған ширек ғасыр аралығында еліміз төрткүл дүниенің төрінде өзіндік орны бар мемлекетке айналды. Елбасымыздың көрегендігі арқасында бірлік пен берекеге ұйыған жұртымыз алты құрлықтың назарын аудартты. Президентіміздің жыл сайынғы халыққа Жолдаулары жарқын болашақтың жолбасшысы болды. Осылайша «Мәңгілік еліміздің» мәртебесі күн санап артып, ауызбіршілікке ұйыған еліміз еселі еңбектің арқасында биіктерге жетті.

Жалпақ әлемге қазақ елі, әлбетте, татулық пен тұрақтылықтың, бейбітшіліктің арқасында танылды. Күні кеше өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIV сессиясында сөйлеген сөзінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Біз достықты қазақстандықтардың барлық буынының басты игілігі ретінде сақтай білдік. Біздің бірегей жолымыз — тең құқықтылық, бір шаңырақ астында өмір сүретін барлық этностың бірлігі мен келісімі халықтың тілек-қалауымен таңдалды. Қазақстан халқы Ассамблеясы — Тәуелсіздік жемісі. Ассамблея кез келген сын-қатер төнген кезде және Тәуелсіздіктің барлық кезеңінде әрдайым биіктен табылды. Оның тарихында біздің ұлттың өрлеу дәуірінің кезеңдері мен нақты нәтижелері көрініс тапқан», — деп атап өтті. Иә, біздің мемлекетіміздің басты жетістігі де еліміздегі халықтардың

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жеке кәсіпкер «Мухамедиев А.К» техникалық байқау орталығы Шонжы ауылында 2016 жылдың 1 мамырдан – 15 мамыр аралығында көлік құралдарына міндетті техникалық байқау жүргізеді. Міндетті техникалық байқаудан өту үшін көлік құралының иесі техникалық байқау орталығының операторына тек көлік құралын және мемлекеттік тіркеу туралы куәлігін ұсынады.

Жұмыс уақыты: таңғы 9.00-ден кешкі 19.00-ге дейін. Үзіліс 13.00-14.00 дейін. Тел: 8-777-214-74-26

Әкімшілік.

Жеке кәсіпкер Мухамедиев А.К

ПРОДАЕТСЯ

Дом из 6 комнат, с мебелью. Размер 14x13. Участок 10 соток. В доме есть горячая и холодная вода, имеются телефон, баня, сад, сарай, склады, помещения для крупного и мелкого скота, септик. Цена договорная.

Адрес: с. Чунджа, улица Искандерова 8.
Контактные телефоны: 2-27-74, 8775-485-84-54, 8-771-417-64-30. Олжас.

Срочно! Срочно! Срочно!

Продается дом из 7 комнат. участок дома 12 соток. Во дворе имеется хозпостройки, баня, сад, гараж, хоздвор. Во дворе колонка. В доме горячая и холодная вода. Цена договорная (в тенге).

Адрес: с. Чунджа, улица Нысанбаева, № 171
Контактные телефоны: 8-775-256-79-78 – Алтын, 8-702-111-11-22 – Ерлан.

МҰРАГЕРЛІК ІС

Кебекбаев Шалкар Байжановичтың қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар адамдар болса, Шонжы ауылы, К.Исламов көшесі №44 үйдегі нотариус Д.Д.Давутовқа жолығуларына болады. Байланыс телефондары: 2-27-28.

Ташебаев Советбектың қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар адамдар болса, Шонжы ауылы, К.Исламов көшесі №44 үйдегі нотариус Д.Д.Давутовқа жолығуларына болады. Байланыс телефондары: 2-27-28.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

2008-2009 оқу жылдары Қырғызсай орта мектебін бітіргені туралы Тохтахунов Зордунның атына берілген 0238813 нөмірлі аттестаты жоғалып кетуіне байланысты жарамсыз деп есептелсін.

2007 оқу жылы М.Таипов атындағы орта мектебін бітіргені туралы Герипов Долкунжан Аружанұлының атына берілген ЖНБ 0194147 нөмірлі жалпы негізгі білім туралы куәлігі жоғалып кетуіне байланысты жарамсыз деп есептелсін.

АСҚА ШАҚЫРУ

2016 жылдың 30-сәуір күні сағат түскі 12:00 де Шонжы ауылы, Стариков көшесі №18 үйде Үсенқұлов Тоқтарбайдың жылдық асына құда, көрші, туған-туыс жақындарды шақырамыз

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ - ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫҢ БЕЛГІСІ

Қазақ Ұлттық Университеті өзінің негізін 1934 жылы 15 қаңтарда қалағаннан бастап Қазақстандағы білім беру жүйесінің бетке ұстар көркі, университеттік дәстүрлердің, кәсібі білікті ғылымы және педагогикалық мектептердің бастау көзі болды.

1937 жылы қыркүйекте төрт жылдық оқу жүйесіне негізделген тұңғыш гуманитарлық шет тілдері факультеті ашылды. Бір жылдан кейін 120 студенті және құрамында орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі және француз тілі тәрізді үш кафедра бар филология факультеті (оқу мерзімі 5 жылдық) ашылды. Кейіннен шет тілдері факультеті де осы құрылымға қосылды. Университетте соғыс қарсаңы және соғыстан соңғы жылдары 23 кафедрасы бар үш жаратылыстану(биология, физика-математика, химия) және екі гуманитарлық (филология мен журналистика факультеті) факультет жұмыс істеді. Университет 1942 жылы 257 физик, химик, математик, биолог, журналист, филолог, сондай-ақ батыс Еуропа тілдерінің мамандарын даярлап шығады.

Қазіргі кезде университет 37 мамандық бойынша кадрлар даярлайтын жоғары оқу орны және ғылыми-зерттеу орталығына айналды. Университетте екі мыңнан астам

жоғары білікті оқытушы жұмыс істейді, соның ішінде 1000-нан астам ғылым докторы мен кандидаты, 100 академик пен елу философия докторы бар.

Университетте білім беру ісі Болон реформасына сәйкес жүргізіледі, оқytудың кредиттік жүйесі толық күшіне енген, оқу үдерісінің жапсырмасыз ашықтығы, білім алушылардың академиялық ілкімділігі, «бакалавр – магистр – PhD» түрінде үш сатылы мамандар дайындау қамтамасыз етілген. Университеттің жаңа даму кезеңінде өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жаңа Академиялық саясаты іске асырылды, білім тексерудің қуатты корпоративтік Интернет жүйесі жолға қойылды. Университетіміздің ректоры – Ғалымқайыр Мұтанұлы Мұтанов. Бұл кісі ҚазҰУ-ді барлық жақтан дамытып отыр. Мен осындай қарашаңырақта білім алып жатқаным үшін бақыттымын. Мен арман-мақсаттарыма жеткізетіндігіме сенімдімін.

Ялқун ТУРГАНОВ,
ҚазҰУ-дың 1 курс студенті,
Мадина ШАРАПИЕВА,
Менеджмент және Маркетинг кафедрасының аға оқытушысы

ОРМАНДЫ ӨРТТЕН САҚТАЙЫҚ

Орман – халқымыздың басты байлығы. Оны болашақ ұрпаққа сақтап, күтіп-баптау бәріміздің ортақ борышымыз. Егер сіз орман-тоғайға демалуға, отын дайындауға, мал бағуға бара қалсаңыз, алдымен орманды өрттен сақтау ережелерін толық естен шығармағаныңыз жөн. Алайда, қандай жағдайда болмасын, мына төмендегі қарапайым қағидаларды есте ұстаның.

Кеуіп кеткен отындық шырпысына немесе құрғақ шөпке өшірілмей тасталған сіріңке, темекі тұқылы, өшірмей қалдырған алау орманға өрт кетуіне себепкер болуы мүмкін. Егер орман тоғайды өрт шалса, ол қоғамға келтірілген қыруар шығыннан басқа жануарлар әлемі мен ормандағы түрлі өсімдіктердің түп тамырымен жойылуына әкеп соғады.

Орманды алқаптың өртенуіне себепкер болған адам табиғатқа келтірілген залалды өтеп қана қоймай, Қазақстан Республикасының заңы бойынша жауапқа тартылады.

Орман-тоғайда от жалынын байқасаңыз, оны дереу өшірудің әрекетін жасаңыз. Оны сөндірудің амалы болмаған жағдайда, аудандық орман шаруашылығына, ауылдық округ әкімдігіне, аудандық ішкі істер бөліміне немесе өрт сөндіру мекемесіне хабарлаңыздар.

Телефондары: 101, 102, 2-18-51, 2-17-14, 2-21-82, 2-14-10

Ұйғыр орман шаруашылығы коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ИШҚА ҚОБУЛ ҚИЛИМИЗ

Қазақ өз ұйғыр тиллирини мукәммәл билидиған һәм уйғырчә раван тилда мақалә йезиш қабилиити бар жутдашларни шәрт вә тәләпләр асасида мухбир кәспи бойичә (бир орун) ишқа кобул қилимиз. Хаһиш билдүргүчиләрнің тәләпчан, ишчан, жавапкәр вә Қазақстан Жумһурийитиниң қауунлиридин хәвәрдар болушини халиған болар едук.

Алақә үчүн телефонлар: 7-90-92, 2-21-89.

Наһийәлик «Қарадала тынысы – Қарадала нәһәси» гезитиниң тәһрирати

даңғылы, 369 үй.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму Министрлігі Байланыс, ақпараттантыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15697-Г куәлігі берілген

Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Материалдар иесіне қайтарылмайды және оған жауап берілмейді.

Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Таралымы: 3600 дана.
Тапсырыс: 593

Газет қазақ, ұйғыр тілдерінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

Индексіміз:
Заңды тұлғалар үшін - 16056
Жеке тұлғалар үшін - 66056

Қазақстан Жумһурийитиниң Инвестициялар вә тәрәққият Министрлиги Алақә, әхбаратландыруш вә әхбарат комитетида 2015-жили 16 ноябрьда ройхәткә елинип, №15697-Г гуванамиси берилген

Тиражи 3600 данә.

Гезитта бесилған мақалилар муәллиплириниң мөвқәси редакцияның болуп һесапланмайду. Материаллар егисигә қайтырулмайду вә уларға жауап берилмейду. Еланлар билән ухтурушларниң мөзмуни билән мәтинигә елан бәргүчи жавапкәр.

Гезит қазақ вә уйғыр тиллирида һәптисигә бир қетим, жұма күни чиқиду.

Кезекші:
Б.Мамырбаева